

Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер туралы

Облыстық мәслихаттың жиырма төртінші сессиясы мен облыс әкімінің 1999 жылғы 21 сәуірдегі N 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 21 мамырда N 110 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтін бойынша қазақ тілінде "селолық", "селосы" сөздер "ауылдық", "ауылы" сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгөрмейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихаттың 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің қосымшаларында бүкіл мәтін бойынша "Көлемі, га" сөздер "Көлемі гектармен" сөздермен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихаттың 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" 1993 жылы 8 желтоқсандағы N 4200 Заңының 11 бабы 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес Хромтау ауданының өкілетті және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ**:

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихаттың 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шекаралары:

- 1) Хромтау ауданы Хромтау қаласының, оның құрамынан 131 гектар аумақты шығара отырып;
- 2) Абай ауылдық округінің, оның құрамынан 58254 гектар аумақты шығара отырып (N 1 қосымшаға сәйкес);
- 3) Көктөбе ауылдық округінің, оның құрамынан 52105 гектар аумақты шығара отырып;
- 4) Кредиков ауылдық округінің, оның құрамына 52105 гектар аумақты енгізе отырып (N 2 қосымшаға сәйкес) өзгертілсін.

Ескерту. 1 тармакқа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихаттың 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Хромтау қаласының құрамынан шығарылған халық тығыз орналасқан аумақта Дөң ауылы құрылсын.

Ескерту. 2 тармакқа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Құрамына 58385 гектар елді мекендер мен аймақты енгізе отырып, Дөң ауылдық округі ұйымдастырылсын (N 3 қосымшаға сәйкес).

Ескерту. 3 тармакқа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Жаңадан ұйымдастыран Дөң ауылдық округін ұстau шығыны 1999 жылға аудандық басқару органдарын ұстauғa қаралған лимит көлемінде шығарылсын.

5. Облыстық статистика басқармасы (А.Д.Мұқаев) облыстық әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік мәліметтеріне тиісті өзгерістер енгізсін.

6. Облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (М.Н.Жекеев) ауданның әкімшілік-аумақтық құрылышына енгізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастр құжаттарын тәртілке келтірсін.

Облыстық мәслихат
сессиясының төрагасы

Облыс әкімі

N 1 қосымша

**Жаңадан құрылған Дөң ауылдық округіне
Абай ауылдық округінен берілетін аумақ туралы
МӘЛІМЕТ**

N	АТТАРЫ	Көлемі гектармен
1.	Сусановка ауылы және оған жататын жер	2253
2.	Қызылжар ауылы және оған жататын жер	1127
3.	"Рассвет" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	9834
4.	"Атамекен" шаруа қожалығы	1002
5.	"Қызыл" шаруа қожалығы	50
6.	"Мұрат -2" шаруа қожалығы	305
7.	"Ұлықпан" шаруа қожалығы	290
8.	"Анара" шаруа қожалығы	216
9.	"Жалын" шаруа қожалығы	580
10.	"Ақжар" шаруа қожалығы	1793
11.	"Бабан" шаруа қожалығы	100
12.	"Қалабай" шаруа қожалығы	290
13.	"Ақпан" шаруа қожалығы	290

14.	"Береке" шаруа қожалығы	60
15.	"Қызылжар" шаруа қожалығы	183
16.	"Үштөбе" шаруа қожалығы	435
17.	Пайдаланбаған жер	39446
	Барлығы:	58254

N 2 қосымша

Көктөбе ауылдық округінен Кредиков ауылдық округіне берілетін аумақ туралы МӘЛІМЕТ

N	АТТАРЫ	Көлемі гектармен
1.	Көктау ауылы және оған жататын жер	2376
2.	Карабаз ауылы және оған жанатын жер	1773
3.	"Сайрам" шағын кесіпорны	1237
4.	"Луч" шаруа қожалығы	50
5.	"Шығыс" шаруа қожалығы	1000
6.	"Озат" шаруа қожалығы	478
7.	"Талап" шаруа қожалығы	500
8.	Пайдаланбаған жер	44691
	Барлығы:	52105

N 3 қосымша

Жаңадан құрылған Дөң ауылдық округінің құрамына енгізілген аумақ туралы МӘЛІМЕТ

N	АТТАРЫ	Көлемі гектармен
1.	Дөң ауылы және оған жататын жер	131
2.	Сусановка ауылы және оған жататын жер	2253
3.	Қызылжар ауылы және оған жататын жер	1127
4.	"Рассвет" жауапкершілігі шектеулі серіктестік	9834
5.	"Атамекен" шаруа қожалығы	1002
6.	"Қызыл" шаруа қожалығы	50
7.	"Мұрат -2" шаруа қожалығы	305
8.	"Ұлықпан" шаруа қожалығы	290
9.	"Анара" шаруа қожалығы	216
10.	"Жалын" шаруа қожалығы	580
11.	"Ақжар" шаруа қожалығы	1793
12.	"Бабан" шаруа қожалығы	100
13.	"Қалабай" шаруа қожалығы	290
14.	"Ақпан" шаруа қожалығы	290
15.	"Береке" шаруа қожалығы	60
16.	"Қызыл жар" шаруа қожалығы	183
17.	"Үштөбе" шаруа қожалығы	435
18.	Пайдаланбаған жер	39446
	Барлығы:	58385

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК